

ШЕТЕЛДІК ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМАЛАР

Ғалымдар үшін тағылымдама жетекші шетелдік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында, ғылыми орталықтар мен салалық ұйымдарда ғылыми, ғылыми-техникалық кадрлардың біліктілігін арттыруға бағытталған.

Ғылыми тағылымдама жетекші шетелдік жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының, ғылыми орталықтарының және ғылыми тағылымдамадан өтуге ұсынылатын өзге де ұйымдарының тізіміне кіретін шетелдік ұйымдарда ғылыми зерттеулердің басым бағыттарының тізіміне сәйкес жүргізілетін ғылыми зерттеудің аясында 3 айдан 12 айға дейінгі мерзімде жүзеге асырылады.

Ғылыми тағылымдамадан өтуге үміткерлерге қойылатын талаптар

- 1) ғылым докторы, ғылым кандидаты ғылыми дәрежесінің, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор, магистр дәрежесінің болуы;
- 2) заңды тұлға болып табылатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінде ғылыми зерттеу бойынша таңдаған мамандану саласында соңғы 12 (он екі) ай үзіліссіз жұмыс өтілінің болуы;
- 3) жүргізілетін ғылыми зерттеуге сәйкес ғылыми тағылымдамаға үміткерді қабылдайтын, Тізімге кіретін шетелдік ұйымның шартсыз шақыруының болуы (қаржылық шарттарды қоспағанда);
- 4) жұмыс органы белгілеген талаптарға сәйкес деңгейде мемлекеттік және шет тілдерін білуі;
- 5) ғылыми нәтижелердің (Web of Science, Scopus халықаралық дерекқорларында немесе отандық немесе білім және ғылым саласында бақылау функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) ұсынған шетелдік ғылыми басылымдарда индекстелетін мақалалар немесе шолулар) және (немесе) Патент Корпорейшн Трэти (Patent Cooperation Treaty) халықаралық өтінімінің болуы.

Ғылыми тағылымдаманы ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Конкурс жеңімпазы шетелде ғылыми тағылымдамадан өткеннен кейін жұмыс берушінің өтініші бойынша тағылымдамадан өтуге жіберілген ұйымда кемінде 3 жыл үздіксіз еңбек қызметін (жұмыспен) жүзеге асырады.

Толық мағлұматтарды <https://bolashak.gov.kz/kz/o-nauchnyh-stazhirovkah-po-ns> сайтынан алуға болады.